

«БЕКІТІЛДІ»
«М.С. Нарикбаев атындағы
КАЗГЮУ Университеті» АҚ
Халықаралық Экономика мектебінің
Ғылыми зерттеулер комитетінің
шешімімен
№ 2 хаттама,
«30» қыркүйек 2025 ж.



ДОКТОРАНТУРА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Астана
2025

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Докторантура туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «М.С. Нәрікбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның (бұдан әрі – Университет) докторантурада кадрларды даярлау жүйесін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

1.2 Осы Ереже соңғы өзгерістерді ескере отырып келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленді:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, 2007 жылғы 27 шілде №319-III;
- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы, 2011 жылғы 18 ақпан №407-IV;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Ғылыми дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережені бекіту туралы» 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді ұсынатын ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестігін растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы.

2 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде келесі терминдер қолданылады:

Еуропалық кредиттерді трансферттеу (ауыстыру) және жинақтау жүйесі (ECTS) – студенттің шетелде алған кредиттерін өз білім беру ұйымына оралғаннан кейін дәрежені алу үшін есепке алынатын кредиттерге ауыстыру тәсілі, сондай-ақ білім беру бағдарламалары аясында кредиттерді жинақтау жүйесі.

Докторант – докторантурада білім алушы тұлға.

Докторантура – ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіби қызметке арналған кадрларды даярлауға бағытталған білім беру бағдарламаларын қамтитын жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі. Бұл деңгейде кемінде **180**

академиялық кредитті міндетті түрде меңгеру арқылы **философия докторы (PhD)** немесе **бейіні бойынша доктор** дәрежесі беріледі.

Докторлық диссертация – докторанттың ғылыми жұмысы болып табылатын дербес зерттеу. Онда жаңа ғылыми жетістік ретінде бағаланатын теориялық ережелер әзірленеді немесе ғылыми мәселе шешіледі, не ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер ұсынылады.

Бейіні бойынша доктор – тиісті кәсіби қызмет саласы бойынша докторантура бағдарламасын меңгеріп, Қазақстан Республикасында немесе шетелде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін ғылыми дәрежесі. Бұл дәреже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында белгіленген тәртіппен танылады.

Философия докторы (PhD) – ғылыми-педагогикалық бағыттағы докторантура бағдарламасын меңгеріп, Қазақстан Республикасында немесе шетелде диссертация қорғаған тұлғаларға берілетін ғылыми дәрежесі. Бұл дәреже «Білім туралы» Заңға сәйкес танылады.

Іскерлік әкімшілендіру докторы – DBA бағдарламасын меңгерген тұлғаларға берілетін дәреже.

DBA бағдарламасы (бұдан әрі – DBA бағдарламасы) – бизнес-әкімшілендіру саласында жобалық жұмыс пен қолданбалы зерттеулер жүргізуге негізделген және басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасы.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі – докторант дайындайтын және университет тарапынан оқу мерзімінің бірінші немесе екінші жылында бекітілетін құжат. Ол зерттеудің мақсатын, міндеттерін, әдіснамасын, әдебиеттерге шолуды және күтілетін нәтижелерді қамтиды.

Жеке жоспары (бұдан әрі – ЖЖ) – білім алушының әр оқу жылына арналған, эдвайзердің көмегімен білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде өзі құрастыратын оқу және зерттеу жұмыстарының жоспары.

Жоғары оқу орны компоненті (ЖК) – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін жоғары оқу орны дербес анықтайтын пәндер тізбесі және олардың академиялық кредиттерінің ең төменгі көлемі.

Таңдау компоненті (ТК) – жоғары оқу орны ұсынатын және білім алушылар пререквизиттер мен постреквизиттерді ескере отырып кез келген академиялық кезеңде өздері тандайтын пәндер тізбесі және олардың академиялық кредиттерінің ең төменгі көлемі.

Ғылыми-зерттеу жұмысы – ғылыми ізденіспен, зерттеулер мен

эксперименттер жүргізумен байланысты жұмыс. Ол жаңа білім алу, ғылыми гипотезаларды тексеру, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын анықтау, ғылыми қорытындылар жасау және жобаларды ғылыми негіздеу мақсатында жүргізіледі. Ғылыми-зерттеу жұмысы қазіргі заманғы ғылыми әдістерді пайдалана отырып докторлық диссертацияның негізгі бөлімдері мен тарауларын орындауды қамтиды.

Эксперименттік-зерттеу жұмысы – докторлық диссертацияның әдістемелік және практикалық аспектілерін орындауды қамтитын жұмыс. Оған экономикалық-математикалық әдістерді, сондай-ақ нақты ғылыми зерттеу әдістерін (социологиялық зерттеу, эксперимент, бақылау және т.б.) қолдану кіреді.

Пререквизиттер – оқылатын пәнді немесе модульді меңгеру үшін қажетті білім, білік, дағды және құзыреттерді қамтитын пәндер, модульдер немесе оқу жұмысының басқа түрлері.

3 Белгілер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесі белгілер мен қысқартулар қолданылады:

БП – базалық пәндер

ЖК – жоғары оқу орны компоненті

ӘАОО – әскери және арнайы оқу орындары

МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты

АҚД – академиялық қызмет департаменті

ДК – диссертациялық кеңес

ҚА – қорытынды аттестаттау

ЖЖ – жеке жоспары

ТК – таңдау компоненті

ХЭМ – Халықаралық экономика мектебі

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам

ДҒЗЖ – докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы

ЖЖОКБҰ – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы

ББ – білім беру бағдарламасы

БП – бейіндік пәндер

ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам

GPA – үлгерімнің орташа балы

PhD – философия докторы

4 Білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны

4.1 Теориялық оқыту докторантураның білім беру бағдарламасының (ББ) жалпы көлемінде 45 академиялық кредитті құрайды және базалық пәндер (бұдан әрі – БП) мен бейіндік пәндер (бұдан әрі – БеП) циклдерінен тұрады. Бұл циклдер

жоғары оқу орны компонентінің пәндерін (бұдан әрі – ЖК) және тандау компонентінің пәндерін (бұдан әрі – ТК), сондай-ақ практиканы қамтиды.

4.2 ЖК және ТК пәндерінің тізбесін Халықаралық экономика мектебі (ХЭМ) дербес айқындайды. Бұл ретте еңбек нарығының қажеттіліктері, жұмыс берушілердің күтулері, сондай-ақ докторанттардың қажеттіліктері мен мүдделері ескеріледі.

Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдетте, пәнаралық және мультидисциплинарлық сипатта болады, бұл білімнің бірнеше саласының тоғысында кадрларды даярлауды қамтамасыз етеді.

4.3 ХЭМ докторантурасында кадрларды даярлау ғылыми-педагогикалық бағыт (PhD докторантурасы) бойынша магистратураның білім беру бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

4.4 Докторантураға түсу кезінде білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасының бейінімен сәйкес келген жағдайда, алдыңғы білім деңгейінің оқу нәтижелері автоматты түрде танылады.

Ал егер докторантураның білім беру бағдарламасының бейіні магистратура бағдарламасының бейінімен сәйкес келмесе, докторантқа алдыңғы білім деңгейі бағдарламасының негізгі оқу нәтижелерін қамтитын пререквизиттер белгіленеді.

Бейіндік бағыттағы магистр PhD докторантурасына түскен жағдайда, оған қосымша ретінде ғылыми-педагогикалық магистратураның педагогикалық бейіндегі жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасының пререквизиттері белгіленеді (ӨАОО-дан басқа).

Қажетті пререквизиттердің тізбесі мен оларды меңгеру мерзімдерін Школа білім беру бағдарламасына байланысты дербес айқындайды.

4.5 «М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ Университеті» АҚ-ның Халықаралық экономика мектебі білім беру қызметін жүргізуге лицензиясы бар білім беру бағдарламалары бойынша докторанттарды даярлайды.

4.6 Философия докторы (PhD) даярлау білім беру бағдарламасы ғылыми-педагогикалық бағытқа ие және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесі мен ғылыми сала үшін тиісті ғылым бағыттары бойынша пәндерді тереңдетіп оқытуды, сондай-ақ іргелі білім беру, әдіснамалық және зерттеушілік дайындықты қамтиды.

4.7 Кәсіби дайындық бөлігінде докторантураның білім беру бағдарламалары PhD докторларын немесе бейіні бойынша докторларды даярлаудың аккредиттелген бағдарламаларын іске асыратын шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардың тәжірибесін зерделеу негізінде әзірленеді.

4.8 Докторантурада оқу мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде де, ақылы негізде де жүзеге асырылады.

4.9 Докторантура білім беру бағдарламасының мазмұны келесі құрамдас бөліктерден тұрады:

- міндетті компоненттер, оған базалық және бейіндік пәндер циклдерін оқу кіреді – 45 академиялық кредит, соның ішінде педагогикалық практика және зерттеу практикасы;
- докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындау – 123 академиялық кредит;
- қорытынды аттестаттау докторлық диссертацияны жазу және қорғау түрінде – 12 академиялық кредит.

4.10 Докторантураның білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдас бөлігі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (ДҒЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, сондай-ақ докторлық диссертацияны жазу және қорғаудан қалыптасады.

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі докторантура білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы (ЖЖОКБҰ) ДҒЗЖ ұйымдастырудың нысанын, орнын және мерзімдерін дербес айқындайды.

4.11 Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға үміткер докторанттарға ғылыми жетекшілік кемінде екі ғылыми консультант арқылы жүзеге асырылады, олардың біреуі – шетелдік жоғары оқу орнының ғалымы.

4.12 Докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

Школа докторанттың жеке жұмыс жоспарының құрылымын дербес анықтайды. Докторанттың ЖЖ құрылымы №1 және №2 қосымшаларда көрсетілген.

Докторанттың жеке жоспары бүкіл оқу кезеңіне жасалады және келесі бөлімдерді қамтиды:

1. жеке оқу жоспары (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтылануы мүмкін);
2. ғылыми-зерттеу жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімі және есеп беру нысаны);
3. практика (бағдарламасы, базасы, мерзімі және есеп беру нысаны);
4. докторлық диссертация тақырыбы, оның негіздемесі және құрылымы;
5. докторлық диссертацияны орындау жоспары;
6. ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалар жоспары (оның ішінде

шетелдік).

ЖЖ докторант пен оның ғылыми консультанттары тарапынан жасалады, жоғары оқу орнынан кейінгі білімге жауапты тұлғалармен келісіліп, факультет деканының бекітуіне ұсынылады.

Бекітілгеннен кейін ЖЖ-дың бір данасы білім алушыда қалады, ал көшірмелері ғылыми консультанттарға беріледі.

Докторанттың жеке жоспарына диссертация тақырыбы мен ғылыми консультанттың кандидатурасы Мектептің Ғылыми зерттеулер жөніндегі комитеті және Университеттің Академиялық және зерттеулер жөніндегі кеңесі тарапынан бекітілгеннен кейін ғана отандық ғылыми консультант қол қояды.

4.13 Докторантурада оқу мерзімі меңгерілген академиялық кредиттердің көлемімен анықталады. Белгіленген академиялық кредиттер көлемі игеріліп, күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізілген жағдайда, философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін докторантураның білім беру бағдарламасы толық аяқталған болып есептеледі.

4.14 ХЭМ докторантурасында кадрларды даярлау ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура білім беру бағдарламалары негізінде, оқу мерзімі кемінде үш жыл болатын бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

5 Докторанттың оқу жүктемесінің көлеміне қойылатын талаптар

5.1 Оқу жүктемесі докторанттың оқу пәнін, модульді немесе докторантураның бүкіл білім беру бағдарламасын меңгеруіне және оның оқу нәтижелеріне қол жеткізуіне қажетті уақытпен өлшенеді.

Докторант ғылыми консультанттардың жетекшілігімен жасалатын жеке жұмыс жоспары негізінде білім алады.

5.2 ХЭМ докторанттың жеке жұмыс жоспарының құрылымын дербес айқындайды.

5.3 Докторанттың оқу жүктемесін айқындау кезінде оқу жылы академиялық кезеңдерден тұратыны ескеріледі. Академиялық кезеңдердің нысандарын (семестр – 15 апта, триместр – 10 апта, квартал – 7–8 апта) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы немесе ғылыми ұйым айқындайды. Сонымен қатар қорытынды аттестаттау кезеңі (бітіруші курста) қарастырылады.

5.4 Академиялық кезеңдерді ұйымдастырудың аралас нысандарын пайдалануға жол беріледі.

5.5 Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі 60 академиялық кредитке тең және бір оқу жылында 1800 академиялық сағатты құрайды.

Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

5.6 5.3–5.5 тармақтарында көрсетілген оқу жүктемесі типтік оқу жүктемесі болып табылады. Докторант бір семестрде академиялық кредиттердің аз немесе көп санын меңгеруі мүмкін. Оқытудың нысандары мен технологияларына байланысты докторанттардың жекелеген санаттары үшін оқу нәтижелеріне қол жеткізу уақыты нақты жағдайда өзгеше болуы мүмкін және оны Школа дербес есептейді.

5.7 Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша докторларды даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталуының негізгі критерийі – докторанттың оқу және ғылыми қызметтің барлық түрлерін қоса алғанда кемінде 180 академиялық кредитті меңгеруі болып табылады.

5.8 Докторантураның білім беру бағдарламасын мерзімінен бұрын толық меңгеріп, диссертацияны сәтті қорғаған жағдайда докторантқа оқу мерзіміне қарамастан философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктордәрежесі беріледі.

6 Кәсіби практиканы ұйымдастыру және өту

6.1 Докторантураның білім беру бағдарламасы философия докторы бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін педагогикалық және зерттеу практикасын қамтиды.

Практика ғылыми, ғылыми-педагогикалық және кәсіби қызметтің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында өткізіледі.

6.2 Педагогикалық практика кезеңінде докторанттар бакалавриат және магистратурада сабақ өткізуге тартылады.

6.3 Докторанттың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерін зерделеу, сондай-ақ диссертациялық зерттеу барысында ғылыми зерттеудің заманауи әдістерін қолдану, эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялау бойынша практикалық дағдыларды бекіту мақсатында жүргізіледі.

6.4 Зерттеу практикасының мазмұны докторлық диссертацияның тақырыбымен айқындалады.

7 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру

7.1 Докторантура білім беру бағдарламасының ғылыми құрамдас бөлігі докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысынан (ДФЗЖ), ғылыми жарияланымдардан, сондай-ақ докторлық диссертацияны жазу және қорғаудан қалыптасады.

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының көлемі докторантура білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 123 академиялық кредитті құрайды.

Докторлық диссертацияны орындау ДҒЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

ДҒЗЖ-ның қорытынды нәтижесі – докторлық диссертация.

Школа ДҒЗЖ ұйымдастырудың нысанын, орнын және мерзімдерін дербес айқындайды.

7.2 ДҒЗЖ шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарына инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу мақсатында ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалар ұйымдарында, соның ішінде шетелде, міндетті тағылымдамадан өту қарастырылады.

Школа келісім бойынша докторанттың тағылымдамадан өту орнын және мерзімдерін дербес айқындайды. Тағылымдаманың ұзақтығы кемінде 30 күнтізбелік күнді құрайды.

Тағылымдама бағдарламасының мазмұны докторанттың зерттеу бейініне сәйкес келеді.

Тағылымдама бағдарламасы Школа мен тағылымдама өтетін ұйым тарапынан бірлесіп бекітіледі.

Тағылымдамадан зерттеу тақырыбы бойынша алдын ала нәтижелері және (немесе) жарияланымдары бар тұлғалар өтеді.

Тағылымдаманың нәтижелері Школаның ғылыми семинарында қаралады.

7.3 Философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушының ДҒЗЖ-на қойылатын талаптар:

1. докторлық диссертация қорғалатын докторантура білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес болуы;
2. өзектілігі болуы және ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығын қамтуы;
3. ғылым мен практиканың қазіргі заманғы теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуі;
4. компьютерлік технологияларды қолдана отырып деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістеріне негізделуі;
5. ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістерін қолдана отырып орындалуы;
6. қорғалатын негізгі ғылыми ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуы.

7.4 ДҒЗЖ-ның қорытындысы – белгіленген тәртіппен қорғауға дайындалған аяқталған докторлық диссертация болып табылады.

7.5 Докторанттың ғылыми зерттеулерінің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127

«Ғылыми дәрежелер беру қағидаларын бекіту туралы»бұйрығына сәйкес ғылыми, ғылыми-талдамалық және ғылыми-практикалық басылымдарда жарияланады.

8 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының есептілігі мен талдауы

8.1 Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының (ДФЗЖ) нәтижелері әрбір семестрдің соңында докторант тарапынан мынадай есептілік нысандарында ресімделеді: баяндамалар, мақалалар, ғылыми семинарлардағы сөз сөйлеулер, есептер, компьютерлік бағдарламалар, макеттер.

8.2 Орындалған ДФЗЖ нәтижелері бойынша (жоспарланған мерзімде диссертация тараулары мен бөлімдерінің нақты орындалуы, ал орындалу мерзімінен кешіккен жағдайда бұл туралы тиісті мәліметтердің көрсетілуі ескеріле отырып) ғылыми консультант орындалған ДФЗЖ көрсеткіштерін балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағалайды.

8.3 Жыл сайын оқу жылы аяқталғаннан кейін докторант жеке оқу жоспарының (ЖОЖ) және докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысының (ДФЗЖ) орындалуы бойынша академиялық аттестаттаудан өтеді.

Докторанттың ЖОЖ және ДФЗЖ орындалуы туралы есебі Ғылыми зерттеулер жөніндегі комитеттің отырысында немесе Халықаралық экономика мектебінің (ХЭМ) кеңейтілген отырысында тыңдалып, талқыланады.

Қарау нәтижелері Ғылыми зерттеулер жөніндегі комитеттің / Мектептің отырысы хаттамасында көрсетілетін қорытынды түрінде ресімделеді. Хаттамадан үзінді көшірме докторанттың ДФЗЖ бойынша есебіне қоса беріледі.

Ғылыми зерттеулер жөніндегі комитеттің / Мектептің оң қорытындысы (ұсынымы) негізінде докторант Мектеп директорының өкімімен келесі оқу курсына көшіріледі.

Сонымен қатар, докторанттың жеке оқу жоспарының және ғылыми-зерттеу жұмысының (ДФЗЖ) орындалуы туралы есеп докторант тарапынан осы Ережеге № 2 қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша жазбаша түрде ресімделеді.

8.4 Академиялық аттестаттау қорытындылары бойынша Ғылыми зерттеулер жөніндегі комитет немесе Мектеп теріс қорытынды берген жағдайда, докторант келесі оқу курсына көшірілмейді.

Қайта оқу курсына қалдырылған докторант:

- а) бұрын бекітілген жеке оқу жоспары бойынша оқуын жалғастыруға; немесе
- б) осы Ережеде белгіленген тәртіппен жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастыруға құқылы.

Келесі оқу курсына көшірілмеген докторантқа белгіленген мерзімде академиялық

демалыс беру туралы өтінішті не осы Ережеге және Университеттің өзге де ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес басқа өтінішті беру құқығы беріледі.

Келесі оқу курсына көшірілмеген және белгіленген мерзімде өтініш бермеген докторантты М.С. Нәрікбаев атындағы ҚАЗГЮУ Университетінің әкімшілігі Провосттың бұйрығымен қайта оқу курсына қалдыруға құқылы.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алатын докторанттар тиісті білім беру бағдарламасының оқу жоспарында көзделген кредиттер санын игеруге міндетті.

9 Докторлық диссертацияға ғылыми жетекшілік

9.1 Докторантқа докторлық диссертацияға жетекшілік ету үшін оқуға қабылданғаннан кейін екі ай ішінде ғылыми жетекшілік тағайындалады.

9.2 Ғылыми жетекшілік Академиялық және Зерттеу кеңесінің шешімі негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы провостының бұйрығымен бекітіледі.

9.3 Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға үміткер докторанттарға ғылыми жетекшілік кемінде екі ғылыми консультант арқылы жүзеге асырылады, олардың біреуі – шетелдік жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының ғалымы.

9.4 Ғылыми консультанттар докторлық диссертацияның орындалуын қамтамасыз етеді, академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын бақылайды

және диссертациялық жұмыстың қорғауға уақтылы ұсынылуын қамтамасыз етеді.

9.5 Ғылыми жетекшілікті жүзеге асыратын оқытушы ғылыми дәрежесі және (немесе) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі бар және келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс: 8D05 "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", 8D06 "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", 8D07 "Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары", 8D08 "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", 8D09 "Ветеринария", 8D10 "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыттары бойынша - Web of Science Core Collection деректер базасындағы JCR бойынша 1, 2 немесе 3 квартильге кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда кемінде 2 ғылыми мақаласы болуы; немесе CiteScore процентиі кемінде 35 болатын журналдарда жарияланымдары болуы; немесе Хирш индексі кемінде 2 болуы.

Басқа даярлау бағыттары бойынша: соңғы 5 жыл ішінде бейіні бойынша ғылыми басылымдар тізіміне енгізілген журналдарда кемінде 5 ғылыми мақаланың авторы болуы; сондай-ақ JCR деректері бойынша импакт-факторы бар немесе Web of Science Core Collection базасының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index немесе Arts and Humanities Citation Index деректер қорларында индекстелетін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 ғылыми мақаласы болуы; немесе CiteScore процентиі кемінде 35 болуы.

9.6 Докторант ғылыми консультантты ауыстыру туралы өтініш жасауға құқылы.

Ғылыми консультанттарды ауыстыру Академиялық және Зерттеу кеңесінің шешімі негізінде Провосттың бұйрығымен бекітіледі.

10 Докторлық диссертация

10.1 Диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласында маман болып табылатын және ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор) немесе академиялық дәрежесі бар отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың жетекшілігімен орындалады.

10.2 Диссертация тақырыбы (бекітілген күнге) Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымды дамыту бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келуі тиіс. Докторлық диссертацияның тақырыбы бірінші семестр ішінде анықталып, Академиялық және Зерттеу кеңесінің шешімімен бекітіледі.

ДФЗЖ нәтижелерін және (немесе) алынған ғылыми немесе эксперименттік нәтижелерді ескере отырып, сондай-ақ диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін (research proposal) қайта бекіту кезінде диссертация тақырыбын түзетуге жол беріледі.

10.3 Егер диссертациялық зерттеудің мазмұнында қызметтік пайдалануға арналған ақпарат немесе мемлекеттік құпияларды, сондай-ақ коммерциялық құпияны қамтитын материалдар болса, диссертация тақырыбына және зерттеу жұмысына заңнамада белгіленген тәртіппен тиісті құпиялық грифі беріледі.

10.4 Докторлық диссертация тақырыбын өзгерту Академиялық және Зерттеу кеңесінің шешімі негізінде Провосттың бұйрығымен бекітіледі.

Тақырыпты өзгерту мәселесін қарауға шығару үшін докторант Провосттың атына өтініш береді. Өтініште ғылыми консультанттардың қолы болуы және тақырыпты өзгертуге келісімі көрсетілуі тиіс.

10.5 Диссертациялық зерттеудің мазмұны ұлттық ғылыми басымдықтарды, сондай-ақ іргелі немесе қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыруға бағытталады.

10.6 Диссертация келесі қағидаттарды сақтай отырып орындалады: дербестік, ішкі бірлік, ғылыми жаңалық, нәтижелердің сенімділігі, практикалық құндылық, академиялық адалдық.

Дербестік қағидаты

Диссертация автордың өзі тарапынан жазылады және ғылым мен технологияның дамуына қосқан жеке үлесін көрсетеді. Жасанды интеллектті вариативті деректердің статистикалық іріктемесін жасау үшін қолдануға болады.

Ішкі бірлік қағидаты

Диссертация құрылымы логикалық байланысқа ие болуы тиіс және барлық бөлімдері зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес болуы керек.

Ғылыми жаңалық қағидаты

Диссертация жаңа ғылыми нәтижелерді қамтуы тиіс және: жаңа ғылыми негізделген теориялық немесе эксперименттік нәтижелерді; немесе ел экономикасының дамуына үлес қосатын ғылыми негізделген техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқарушылық шешімдерді қамтуы керек.

Нәтижелердің сенімділігі қағидаты

Диссертация нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу технологияларын қолдану арқылы алынуы тиіс.

Практикалық құндылық қағидаты

Қолданбалы диссертацияларда ғылыми нәтижелердің практикалық қолданылуы туралы мәліметтер (патенттер, авторлық куәліктер, енгізу актілері және т.б.) көрсетіледі.

Автор басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауы тиіс және келесі жағдайларға жол берілмейді: басқа авторлардың мәтіндерін, идеяларын, гипотезаларын, нәтижелерін дереккөзге сілтеме жасамай пайдалану (плагиат); жасанды интеллект технологияларын пайдаланған жағдайда оған сілтеме жасамау; өз еңбектерін дереккөзсіз қайта пайдалану (автоплагиат); жалған деректерді көрсету (фабрикация); зерттеу нәтижелерін бұрмалау (фальсификация).

Нормативтік актілердің атаулары, мемлекеттік органдардың атаулары, жалпы қабылданған ғылыми терминдер немесе зерттелетін шығармалардың мәтіндері диссертацияда дұрыс қолданылған жағдайда плагиат болып саналмайды.

Плагиатты анықтауды болдырмау мақсатында техникалық құралдарды немесе жасанды интеллект технологияларын қолдануға жол берілмейді.

13 жасқа дейінгі балаларға қатысты эмпирикалық зерттеулер жүргізу кезінде жасанды интеллектті қолдануға тыйым салынады.

"Қызметтік пайдалану үшін" немесе "құпия" грифі бар жұмыстарды жазу кезінде жасанды интеллект қолдануға жол берілмейді.

10.7 Диссертация дайындау барысында жасанды интеллект технологияларын пайдалану тек отандық және шетелдік ғылыми консультанттардың және университеттің этикалық комиссиясының алдын ала келісімі болған жағдайда рұқсат етіледі.

Автор жасанды интеллект қолданған жағдайда: қандай технология қолданылғанын; оның өндірушісін, нұсқасын; қолданылған күнін; зерттеудің қай кезеңінде қолданылғанын көрсетуі тиіс.

Егер диссертацияда бұл туралы мәлімет болмаса, автор жасанды интеллект қолданбағанын растады деп есептеледі.

10.8 Докторлық диссертация мәтініндегі өзге авторлардың мәтіндерін пайдалану фактілерін анықтау мақсатында диссертация Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы арқылы тексеріледі.

10.9 Нормативтік құқықтық актілердің атаулары, мемлекеттік органдардың атаулары, жалпы ғылыми терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған жағдайда плагиат болып саналмайды.

10.10 Егер диссертацияда плагиат анықталса, диссертациялық кеңес немесе комитет қайта қорғау құқығынсыз теріс шешім қабылдайды.

10.11 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы диссертациялық жұмыстарды рәсімдеуге қойылатын талаптарды дербес белгілейді.

ХЭМ диссертацияларда халықаралық дәйексөз келтіру стильдерін қолдануға рұқсат береді, соның ішінде: Harvard style, APA style, MLA style, Chicago style, ACS style немесе ғылыми консультанттар ұсынған басқа стильдер.

Диссертацияда міндетті түрде:

1. пайдаланылған дереккөздерге толық библиографиялық мәліметтермен сілтеме берілуі;
2. докторанттың өзі немесе бірлескен авторлықпен алған патенттері мен авторлық куәліктері көрсетілуі;
3. диссертация тақырыбы бойынша докторанттың ғылыми жарияланымдары көрсетілуі тиіс.

11 Қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу

11.1 Қорытынды аттестаттау докторантураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің кемінде 12 академиялық кредитін құрайды және диссертациялық жұмыс немесе мақалалар сериясы түрінде өткізіледі. Оларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген Дәрежелер беру қағидаларында көзделген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6951 болып тіркелген).

11.2 Докторлық диссертация басқа авторлардың мәтіндерін пайдалану фактілерін анықтау мақсатында тексеруден өтеді. Бұл тексеруді Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы жүзеге асырады.

11.3 Қорытынды аттестаттаудың мақсаты – докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдамалық деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын бағалау, сондай-ақ оның даярлығының кәсіби стандарттар мен докторантураның білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін анықтау.

11.4 Докторанттардың қорытынды аттестаттауы докторлық диссертацияны қорғау түрінде өткізіледі.

11.5 Қорытынды аттестаттауға МЖМБС, білім беру бағдарламасы, жұмыс оқу жоспары және жеке оқу жоспары талаптарына сәйкес білім беру процесін толық аяқтаған докторанттар жіберіледі.

11.6 Докторлық диссертацияны қорғау Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы «Ғылым туралы» Заңының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығымен бекітілген Ғылыми дәрежелер беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №126 бұйрығымен бекітілген Диссертациялық кеңес туралы үлгілік

ереженің (бұдан әрі – Үлгілік ереже), сондай-ақ «М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ-ның философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңесі туралы ережесіне сәйкес жүргізіледі.

11.7 Докторантураның білім беру бағдарламасын меңгеріп, докторлық диссертациясын қорғаған тұлғаларға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ерекше мәртебесі бар диссертациялық кеңестерінің немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің сараптама нәтижелері бойынша оң шешімі негізінде философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесі беріледі және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығына сәйкес диплом және оның қосымшасы (транскрипт) табысталады.

11.8 PhD докторы немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін алған тұлғалар ғылыми білімдерін тереңдету, белгілі бір тақырып бойынша ғылыми және қолданбалы міндеттерді шешу мақсатында постдокторлық бағдарламаны орындай алады немесе таңдаған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының жетекші ғалымының не тиісті саладағы жоғары білікті маманның жетекшілігімен ғылыми (эксперименттік) зерттеулер жүргізе алады.

11.9 Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, бірақ ДҒЗЖ-ны (ЭИРД) орындамаған докторантқа ДҒЗЖ (ЭИРД) академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және диссертацияны кейінгі жылдары ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

11.10 Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудың толық курсын меңгеріп, ДҒЗЖ-ны орындаған, бірақ докторлық диссертациясын қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріледі және оған оқуды аяқтағаннан кейін екі жыл ішінде диссертацияны тегін қорғауға, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

11.11 Бұл ретте оқуды аяқтағаннан кейін 3 жыл өткен соң докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесі (research proposal) қайта бекітілгеннен кейін ғана ақылы негізде қорғауға жіберіледі.

11.12 Қорытынды аттестаттаудан өтпеген докторант ректордың бұйрығымен, білім беру бағдарламасының, жұмыс және жеке оқу жоспарларының талаптарын орындамаған тұлға ретінде университеттен шығарылады.

11.13 Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудың толық курсын меңгерген, бірақ ДҒЗЖ-ны орындамаған докторантқа ДҒЗЖ академиялық кредиттерін қайта меңгеруге және диссертацияны кейінгі жылдары ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

11.14 Докторантураның білім беру бағдарламасы бойынша теориялық оқытудың толық курсы менгеріп, ДҒЗЖ-ны орындаған, бірақ докторлық диссертациясын қорғамаған докторантқа оқу нәтижелері мен академиялық кредиттер беріледі және оған оқуды аяқтағаннан кейін екі жыл ішінде диссертацияны тегін қорғауға, ал кейінгі жылдары кемінде 4 академиялық кредит көлемінде ақылы негізде қорғауға мүмкіндік беріледі.

11.15 Бұл ретте оқуды аяқтағаннан кейін 3 (үш) жыл өткен соң докторант диссертациялық зерттеудің ғылыми негіздемесін (research proposal) қайта бекіткеннен кейін ғана ақылы негізде қорғауға жіберіледі.

11.16 Докторантты оқудан шығару тәртібі мен өзге шарттары «М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ-ның Академиялық саясатымен реттеледі.

12 Докторлық диссертацияларды қорғау

12.1 Диссертация келесі нысандардың бірінде ұсынылады:

1. диссертациялық жұмыс;
 2. диссертация мазмұнына сәйкес ғылыми салалардың бірі бойынша Clarivate Analytics компаниясының Journal Citation Reports (JCR) деректері бойынша бірінші және (немесе) екінші квартильге кіретін басылымдарда жарияланған кемінде екі мақала және бір шолу немесе үш мақаладан тұратын серия.
- Мақалалардың бірінде докторант бірінші автор немесе хат-хабар авторы (corresponding author) болуы тиіс.

Осы тармақтың талаптары орындалған жағдайда, осы Ереженің 13.2-тармағының талаптары докторантқа қолданылмайды.

12.2 Егер диссертация диссертациялық жұмыс түрінде ұсынылса, онда осы тармақта көрсетілген талаптардың орындалуы тиіс.

Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияның негізгі ғылыми нәтижелері диссертацияны қорғауға дейін: ғылыми қызметтің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми басылымдарда (бұдан әрі – Басылымдар тізбесі); және (немесе) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жарияланады.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журнал: Journal Citation Reports (JCR) деректері бойынша импакт-факторға ие болуы; және (немесе) Web of Science Core Collection деректер базасында индекстелуі тиіс (Arts and Humanities Citation Index, Science Citation Index Expanded, Social Sciences

Citation Index бөлімдері); немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша белгілі бір процентильтеге ие болуы тиіс.

Қорғауға жіберу үшін жарияланымдарға қойылатын талаптар

1. кемінде 1 мақала (article) немесе шолу (review) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда жариялануы тиіс, ол: JCR бойынша импакт-факторға ие болуы; немесе Web of Science Core Collection базасында индекстелуі; немесе Scopus деректер базасында CiteScore процентилі кемінде 25 болуы тиіс; сонымен қатар Басылымдар тізбесіне енгізілген журналдарда мақалалар болуы қажет (журнал санатына байланысты).

2. немесе:
кемінде 2 мақала немесе 1 мақала және 1 шолу халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда жариялануы тиіс, олар: Web of Science Core Collection базасында индекстелген (Arts and Humanities Citation Index бөлімі); және (немесе) JCR деректері бойынша алғашқы үш квартильге кіреді; немесе Scopus деректер базасында CiteScore процентилі кемінде 35 болуы тиіс.

3. немесе:
монографиядағы тараудың болуы (докторантқа кемінде 1 баспа табақ тиесілі), ол келесі баспалардың бірінде жарияланған болуы тиіс: Elsevier, Brill, CRC Press, DeGruyter, Edward Elgar Publishing, John Wiley & Sons, McGraw Hill, Palgrave Macmillan, Peter Lang, Prentice Hall, Routledge, Sage Publications, Springer Nature, Taylor and Francis, Wolters Kluwer немесе US News Best Global Universities Rankings, Academic Ranking of World Universities, Times Higher Education World University Rankings рейтингтерінің топ-100 университеттерінің баспаларында жарияланған болуы тиіс (бұдан әрі – сенімді баспа).

4. немесе: JCR бойынша алғашқы екі квартильге кіретін немесе Scopus деректер базасында CiteScore процентилі кемінде 35 болатын халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 1 мақала; және JCR бойынша импакт-факторға ие және Web of Science Core Collection базасында индекстелетін халықаралық ғылыми конференция материалдарында 1 Conference paper болуы тиіс.

Халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы және конференция жинақтарындағы жарияланымдар: диссертация мазмұнына сәйкес болуы; журналдың немесе конференцияның ғылыми бағытына сәйкес болуы; журналдың ресми сайтында жариялануы тиіс.

Жарияланым түрлері: Article, Review, Article in Press, Conference Paper, Proceedings

Сонымен қатар Multidisciplinary, Interdisciplinary, General, Miscellaneous бағытындағы халықаралық журналдарда жариялануға рұқсат етіледі.

Егер JCR бойынша бірінші квартильдегі журналда 1 ғылыми мақала болса, басқа жарияланымдар талап етілмейді.

Журналдың квартилі Web of Science базасында немесе CiteScore процентилі Scopus базасында: жарияланған жылы; немесе жарияланған жыл алдындағы жылы; немесе диссертацияны қорғау сәтінде ескеріледі.

Мемлекеттік құпияларды немесе қызметтік пайдалануға арналған мәліметтерді қамтитын диссертацияларды қорғау кезінде: диссертация тақырыбы бойынша кемінде 7 жарияланым, оның ішінде кемінде 4 мақала Басылымдар тізбесіне енгізілген ғылыми журналдарда болуы тиіс.

Шетелде диссертация қорғаған тұлғалар үшін: диссертация тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми еңбектер есепке алынады; олардың ішінде кемінде 1 мақала халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда болуы тиіс.

Басылымдар тізбесіне енгізілген журналдағы мақала ретінде шетелдік ғылыми мерзімді басылымдардағы мақалалар есепке алынады.

Егер халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда мақалалар болса (Қағидалардың 6-тармағына сәйкес), онда 1 мақала = уәкілетті орган ұсынған журналдардағы 2 мақалаға тең болып есептеледі.

Басылымдар тізбесіне енгізілген журналдардағы мақалалар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы №20 бұйрығымен бекітілген ғылыми басылымдарға қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Журналдар 1, 2 және 3 тізімдерге бөлінеді.

Есептеу тәртібі: 1-тізім – 1 мақала жеткілікті; 2-тізім – 2 мақала жеткілікті; 3-тізім – 3 мақала жеткілікті.

12.3 Докторлық диссертацияларды қорғау диссертациялық кеңес отырысында жүзеге асырылады.

Диссертациялық кеңестің қызметі «М.С. Нарикбаев атындағы КАЗГЮУ университеті» АҚ-ның диссертациялық кеңесі туралы ережесімен реттеледі.

12.4 Философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертациялар: шығарушы кафедраның кеңейтілген отырысында алдын ала қорғаудан өтуі; диссертация мәтінінде плагиаттың бар-жоғын тексеру үшін Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығында тексерілуі тиіс.

12.5 Докторлық диссертацияны қорғау келесі құжаттар болған жағдайда жүзеге асырылады:

- ғылыми консультанттардың оң пікірлері;
- осы Ереженің 12.2-тармағына немесе Ғылыми дәрежелер беру қағидаларына сәйкес жарияланымдардың болуы;

- қорғауға ұсыну туралы шешім (ғылыми зерттеулер комитетінің немесе МШЭ профессор-оқытушылар құрамының кеңейтілген отырысының хаттамасынан үзінді);
- қорғалатын жұмыстың бейініне сәйкес келетін екі ресми рецензенттің екі рецензиясы, онда диссертацияға жан-жақты сипаттама беріліп, PhD немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы дәлелді қорытынды ұсынылады;
- докторант білім алған университеттің Этикалық комиссиясының қорытындысы, онда ғылыми зерттеулерді жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және нәтижелерін тарату барысында бұзушылықтардың болмағаны расталады.

12.6 Егер ғылыми консультанттар және (немесе) сараптамалық комиссия: «қорғауға жіберілмейді» немесе «қорғауға ұсынылмайды» деген теріс қорытынды берсе, докторант докторлық диссертацияны қорғауға жіберілмейді.

"Approved"
Dean of International School of Economics:

(Full Name, Signature, Date)

INDIVIDUAL PLAN OF A DOCTORAL STUDENT

Full Name of Doctoral Student: _____

Educational Program: _____

Period of Doctoral Studies (Years 1–3): _____

Supervisor (Degree, Position, Name): _____

Foreign Consultant (Degree, Position, Name): _____

Topic of Doctoral Dissertation: _____

Deadline for Submission: _____

2. DISSERTATION FRAMEWORK (fixed for the full period of study)

This section is completed once, at enrollment, and remains unchanged for the full 3-year period unless the topic itself is formally revised.

Relevance of Research: _____

Research Aim: _____

Research Objectives: _____

Research Object: _____

Research Subject: _____

Research Methods: _____

Theoretical and Practical Significance: _____

Research Novelty: _____

Stages of Work (overview across Years 1–3): _____

Expected Results: _____

YEAR 1 — INDIVIDUAL PLAN (Semesters 1–2)

1.1 Internships/Practicum

Type of Practicum	Semester	Credits	Practicum Base (Name & Location)	Final Control Form

1.2 Research Work of the PhD Doctoral Student (НИРД)

Type of Work includes and is not limited to: submission of research articles; presentation at conferences; presentation at research seminars; participation in round tables and forums.

№	Type of Work	Timeline (Semester)	Reporting Form / Supervisor's Signature

1.3 Plan of Publications

№	Content of Publications	Timeline / Expected Result

1.4 Plan of Foreign Internships

№	Internship Location	Dates	Expected Result

Approval — Year 1

Approved by the Scientific Supervisor and the Dean of International School of Economics

Date: _____

Scientific Supervisor: _____ (Signature)

Dean of International School of Economics: _____ (Signature)

Doctoral Student: _____ (Signature)

YEAR 2 — INDIVIDUAL PLAN (Semesters 3–4)

2.1 Internships/Practicum

Type of Practicum	Semester	Credits	Practicum Base (Name & Location)	Final Control Form

2.2 Research Work of the PhD Doctoral Student (НИРД)

Type of Work includes and is not limited to: submission of research articles; presentation at conferences; presentation at research seminars; participation in round tables and forums.

№	Type of Work	Timeline (Semester)	Reporting Form / Supervisor's Signature

2.3 Plan of Publications

№	Content of Publications	Timeline / Expected Result

2.4 Plan of Foreign Internships

№	Internship Location	Dates	Expected Result

Approval — Year 2

Approved by the Scientific Supervisor and the Dean of International School of Economics

Date: _____

Scientific Supervisor: _____ (Signature)

Dean of International School of Economics: _____ (Signature)

Doctoral Student: _____ (Signature)

YEAR 3 — INDIVIDUAL PLAN (Semesters 5–6)

3.1 Internships/Practicum

Type of Practicum	Semester	Credits	Practicum Base (Name & Location)	Final Control Form

3.2 Research Work of the PhD Doctoral Student (НИРД)

Type of Work includes and is not limited to: submission of research articles; presentation at conferences; presentation at research seminars; participation in round tables and forums.

№	Type of Work	Timeline (Semester)	Reporting Form / Supervisor's Signature

3.3 Plan of Publications

№	Content of Publications	Timeline / Expected Result

3.4 Plan of Foreign Internships

№	Internship Location	Dates	Expected Result

Approval — Year 3

Approved by the Scientific Supervisor and the Dean of International School of Economics

Date: _____

Scientific Supervisor: _____ (Signature)

Dean of International School of Economics: _____ (Signature)

Doctoral Student: _____ (Signature)

FINAL PUBLIC DEFENCE

Defence of Doctoral Dissertation (Period): _____

Doctoral Student: _____ (Signature)

Postgraduate Education Manager: _____ (Signature)

ANNUAL REPORT OF A DOCTORAL STUDENT

This report covers one (1) year of study only. A separate instance of this document is completed and submitted at the end of each academic year, reporting on the corresponding Year block of the Individual Plan.

Full Name of Doctoral Student: _____

Educational Program: _____

Reporting Period — Year of Study (Year 1 / Year 2 / Year 3): _____

Academic Year: _____

Supervisor (Degree, Position, Name): _____

Foreign Consultant (Degree, Position, Name): _____

Topic of Doctoral Dissertation: _____

Topic and supervisor approved per Individual Plan, Section 2: School's Committee for Scientific Research Protocol № _____ dated _____; University Scientific Committee Protocol № _____ dated _____.

1. INTERNSHIPS/PRACTICUM — COMPLETION REPORT

Type of Practicum	Semester	Credits (Plan)	Credits (Completed)	Practicum Base (Name & Location)	Final Control Form / Result	Confirming Document

2. RESEARCH WORK OF THE PhD DOCTORAL STUDENT — COMPLETION REPORT

2.1 Engagement in Research Activities, Publications, and Academic Events

№	Type of Work (per Individual Plan)	Timeline (Semester, per Plan)	Status (Completed / In Progress / Not Completed)	Result / Output	Supervisor's Signature

Note: Attach confirming documents (certificates of participation, copies of published/accepted articles, conference programs, etc.) as annexes to this report.

2.2 PhD Doctoral Dissertation — Progress Report

Stage of Dissertation Work Completed During the Reporting Year: _____

Results Obtained (theoretical / empirical / methodological): _____

Deviations from the Individual Plan, if any, and Justification: _____

Plan for the Next Year of Study / Readiness for Public Defence (if final year): _____

3. PLAN OF PUBLICATIONS — COMPLETION REPORT

№	Publication (per Plan)	Actual Output / Journal, Issue, Pages	Status (Published / Accepted / Submitted / Not Completed)	Confirming Document

4. PLAN OF FOREIGN INTERNSHIPS — COMPLETION REPORT

№	Internship Location	Dates (Plan)	Dates (Actual)	Results / Confirming Document

DECLARATION BY THE DOCTORAL STUDENT

I confirm that the information provided in this report (Sections 1–4 above) accurately reflects the work performed during the reporting year.

Doctoral Student: _____ (Signature) Date: _____

SUPERVISOR'S OPINION ON THE DOCTORAL STUDENT'S PERFORMANCE

Recommendation: ☐ Transfer to the next year of study ☐ Proceed to pre-defence review / public defence (if final year)
☐ Leave for a repeat course ☐ Other (specify): _____

Scientific Supervisor: _____ (Signature) Date: _____

DECISION OF THE SCIENTIFIC RESEARCH COMMITTEE

Protocol №: _____

Date: _____

Conclusion: ☐ Individual Plan / completed — transfer to the next year of study / proceed to public defence (if final year)
☐ Individual Plan / not completed — leave on repeat course / other decision (specify):

Chair of the Committee: _____ (Signature)

Note: An excerpt from the minutes of the Committee/School meeting is to be attached to this report.